

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы 4 сессиясының № 42 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 шілдеде № 3887 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 мамырдағы № 218 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 28.05.2018 № 218 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне сәйкес, Ақтоғай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық жер салығының мөлшерлемесі он есеге жоғарылатылсын.

2. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 11 қарашадағы 36 сессиясының № 337 "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге базалық жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3523 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 52 (7526) "Тоқырауын тынысы" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Аудандық
мәслихат хатшысы*

*Қ. Мұсаханов
Р. Әбеуов*